

Қазақстан Республикасының Оқу ағарту министрлігі
Ақмола облысы Білім басқармасының Біржан сал ауданы бойынша білім бөлімі
«Абай атындағы №2 жалпы орта білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі



«Қаралды» Педагогикалық
кеңестің шешімімен
2023 жылғы 02 қазан
№2 хаттама
Төраға: Р.Г.Абуов

**МЕМЛЕКЕТТІК АТТЕСТАТТАУ РӘСІМІ ШЕҢБЕРІНДЕГІ
«АБАЙ АТЫНДАҒЫ №2 ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІ» КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ ЖӨНІНДЕГІ ЕСЕБІ**

020700, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы,
Біржан сал ауданы, Степняк қ.ә., Степняк к.,
Алпысбай Жақупов көшесі, № 1 үй
Электрондық мекен-жайы: abaish2@yandex.kz
Телефон, факс: 8(716)3921350

Білім және ғылым саласында сапаны
қамтамасыз ету департаментіне берілген
күні: 02.10.2023ж

Көкшетау, 2023

«Абай атындағы №2 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде мектепке дейінгі білім мен тәрбие беру жағдайын өзін-өзі бағалауының қорытынды

АНЫҚТАМАСЫ

Бақылау түрі: өзін-өзі бағалау.

Өзін-өзі бағалау жүргізуге негіз: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2021 жылғы 3 тамыздағы № 634 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында мемлекеттік аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулық», "Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы № 124 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 шілдедегі № 366 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 26 шілдедегі бұйрығы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ақмола облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің басшысы Каппасов Орал Кабиевичке «Ақмола облысы бойынша 2023 жылдың бірінші жарты жылдығына арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізімі»

Өзін-өзі бағалау комиссиясының құрамы:

Абуов Руслан Галымович	Мектеп директоры
Базарбайқызы Гүлмира	Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары міндетін атқарушы;
Шарипова Гүлгаим Партизанқызы	Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
Байманова Айнур Бакытбековна	Кәсіподақ төрайымы
Алимова Жанар Сағдатовна	Аға-тәлімгер
Бекмаганбетов Болат Аубакирович	Мектеп директорының шаруашылық ісі бойынша орынбасары
Альжанов Арман	Қамқоршылық кеңесінің төрағасы
Госман Алия Канышевна	Педагог -психолог
Уразова Назира Аметовна	Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Искакова Балкумис Кабдуловна	Хатшы

Өзін-өзі бағалау барысында төмендегі мәселелер тексеріліп сарапталды, олар:

- 1) білім беру ұйымдарының мақсаты, міндеттері мен құндылықтары;
- 2) оқу және оқыту;
- 3) білікті қызметкерлердің болуы;
- 4) қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау;

- 5) білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
6) тиімді оқытуға ықпал ететін материалдық-техникалық база.

« Абай атындағы №2 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне жалпы сипаттама

- ✓ Білім беру мекемесінің толық атауы:
"Ақмола облысы білім басқармасының Біржан сал ауданы бойынша білім бөлімі Абай атындағы №2 жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.
- ✓ БСН 970140002555 заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлігі 2020 жылдың 05 тамызында берілген.
 - ✓ Алғашқы мемлекеттік тіркелген күні 1997 жыл 27 қаңтар
 - ✓ Заңды мекен-жайы: 020700, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Біржан сал ауданы, Степняк қ.э., Степняк қ., улица Алпысбай Жакупова, № 1 үй
Электрондық мекен-жайы: abaish2@yandex.kz, Телефон, факс: 8(716)3921350
- ✓ Мектептің техникалық паспорты 2021 жылы 14 шілдеде жасалған. Сериясы – 002210818641, қабат саны-3, құрылыс ауданы-1087,9, ғимараттың ауқымы-10479,2, жалпы алаң-2499,5, салынған жылы-1965 жыл (көшірме қосымша ұсынылады).
- ✓ «Абай атындағы №2 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Жарғысы Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінде 14.01.2021 жылы тіркеліп, Ақмола облысы әкімдігінің 2021 жылғы 5 қаңтардағы №А-1/3 қаулысымен бекітілген (көшірме қосымша ұсынылады);
- ✓ «Абай атындағы №2 атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ–нің басқару органы -«Ақмола облысының білім басқармасы»; Құрылтайшысы-«Ақмола облысы әкімінің аппараты».
- ✓ Мектептің мектепке дейінгі білім мен тәрбие беру қызметі ҚР «Білім туралы» заңына, ҚР бастауыш, негізгі және жалпы орта білім берудің нормативті құжаттарына, ҚР БЖҒМ нұсқаулық хаттары мен бұйрықтарына, ҚР орта жалпы білім берудің бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдары қызметінің типтік Ережелеріне, Мектеп Жарғысына сәйкес жүзеге асырылуда.
- ✓ Жалпы негізгі білім беру қызметімен айналысуға құқық беретін мемлекеттік лицензия: 09 ақпан 2021 жылғы KZ82LAA00022587, мерзімі– шектелмеген (көшірме қосымша ұсынылады).
- ✓ Мектептің қаржы-экономикалық жағы Аудандық білім бөлімінде орталықтандырылған. Мекеменің ағымдағы шоты, мөрі бар.



«Абай атындағы №2 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Мектепшілік тәртіп ережелері «Білім туралы» Заң, Жарғы және басқа да азаматтық қатынастарды реттейтін нормативті құқықтық құжаттар негізінде құрылған.

Мектеп директоры Абуов Руслан Галымович 2020 жылы 15 қазан айынан бастап Біржан сал аудандық білім бөлімінің №06-04/83 бұйрығымен «Абай атындағы №2 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің басшысы қызметіне тағайындалды.



Мектеп Мемлекеттік аттестаттаудан 2013 жылы өтіп «аттестатталды».

- Мектепте 2022-2025 жылдарға арналған білім беруді дамытудың бағдарламасы жоспарланған.

Бағдарламаны іске асыру 3 кезеңнен тұрады:

- **I кезең-2022-2023 жж.**

Білім саласын дамыту бойынша негізгі шараларды іске асыру және білім беруді дамытудың басты міндеттерін қамтамасыз ететін кіші бағдарламалар мен жобаларды қалыптастыру,

- **II кезең-2023-2024 жж.**

- Білім беру жүйесін дамытудың инновациялық бағытын қамтамасыз ету бойынша шаралар кешенін жүзеге асыру;
- Жаңа білім беру бағдарламалары мен технологияларын енгізу;
- Мектепте білім беру жүйесіне қосымша ресурстарды тартуға жағдай жасау.

- **III кезең – 2024-2025 жж.**

Мектептің білім беру жүйесін жаңғыртудың негізгі бағыттарын іске асыру, жұмыс нәтижелерін жалпылау. Мектептің өзекті мәселесі үш жылға арналған.

Мектептің өзекті мәселесі бойынша алға қойылған міндеттері:

- ✓ ҚР жалпыға білім беру стандарттарына сәйкес білім беру бағдарламаларын оқушыларға меңгерту;
- ✓ Жеке оқушылардың шығармашылық, рухани және мәдени, сауықтыру және спорттық мүмкіндіктерін дамыту;
- ✓ Отандық және жахандық мәдениеттің жетістіктеріне баулу, қазақ халқы мен басқа да халықтарының тарихи әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу, мемлекеттік тілді және үш тілді саясатты меңгерту;
- ✓ Оқушыларға жан-жақты еңбек пен жахандық деңгейлердегі қойылатын талаптарға сай сапалы білім беру;
- ✓ Салауатты өмір ұстанымдарын дамыту, интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерінің дамуына жағдай жасау;

- ✓ Оқушыларды ұлтжандылыққа, елжандылыққа, ұлттық тәрбие негізінде тәрбиелеу.

Істер номенклатурасы:

1. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 06 қазандағы № 263 бұйрығымен бекітілген «Сақтау мерзімдерін көрсете отырып, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар қызметінде жасалатын үлгілік құжаттар тізбесі» (Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 06 қазандағы № 271 бұйрығымен өзгерістер енгізілді)

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығымен бекітілген «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарының»;


3. «Ақмола облысының білім басқармасының Біржан сал ауданы бойынша білім бөлімі» ММ 2021 жылғы «12» мамырдағы №06-05/66 бұйрығына сәйкес «Сақтау мерзімдерін көрсете отырып, жалпы білім беретін мекемелер қызметінде жасалатын үлгілік құжаттар тізбесі» негізінде құрастырылды.

Білім мекемесінің іс қағаздары:


- 01 - Басшылық және бақылау
- 02 - Кадрлермен жұмыс
- 03 - Оқушылармен жұмыс
- 04 - Оқу бөлімі
- 05 – Оқу әдістемелік бөлім
- 06 – Оқу-тәрбие бөлімі
- 07 - Психолог
- 08 - Кітапхана
- 09 – Медициналық кабинет
- 10 – Кәсіподақ ұйымы
- 11 – Шаруашылық бөлімі
- 12 – Бухгалтерлік есеп жүргізу және есеп берушілік
- 13 – Құжаттарды ведомстволық сақтау мәселелері

Оқушылар контингенті

Оқу жылдары	Барлық сынып саны	Сыныптар саны					
		1-4		5-9		10-11	
		қазақша		қазақша		қазақша	
2021-2022	15	4		9		2	
2022-2023	15	4		9		2	
2023-2024	14	4		8		2	



Буын бойынша оқушылар саны



Сыныптардың орташа толымдылығы 15 оқушы. Оқушылар контингенті бойынша бұйрықтар кітабы нөмірленген және тігілген. Оқушылардың сандық құрамы олардың қозғалысын ескере отырып, жыл бойы оқушылардың электрондық журналдардағы тізімімен сәйкес келеді. Әрбір шыққан балаға ата-анасының өтініші және басқа мектептен келгені туралы растау талоны бар.

Мектептің негізгі мақсаты: бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпыбілім беретін оқу бағдарламаларын іске асыру мақсатында білім беру қызметін жүзеге асыру, жеке тұлғаның жалпы мәдениетін қалыптастыру, тұлғаның қоғамдағы өмірге бейімделуі, мамандықты саналы түрде таңдау және игеру үшін жағдай жасау.


Мектеп өз қызметін білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру жөніндегі негізгі нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады .

Кадрлық құрамға талдау

Білім беру ортасының сапасын жақсарту мақсатында кадрлық мұғалімдер тізімін талдау оған ықпал ете білу. Мұғалімнің шеберлігі мен кәсібилігі, педагогикалық сапалық құрамы осы саладағы жетістіктің нәтижесі болып табылады. Мектепте 2023-2024 оқу жылында жоғары және орта-арнайы білімі бар 31 педагог еңбек етеді.



Статистикалық деректер көрсеткендей, соңғы екі жыл ішінде педагогтар санындағы өзгерістер елеулі емес. Магистр 3 педагог, жоғары кәсіптік білімі бар 27 педагог, бұл 87%, орта кәсіптік білімі бар 4 педагог, бұл 13% құрайды.




	Аты жөні, әкесінің аты	Білімі
1	Байманова Айнура Бакытбековна	Педагогика ғылымдарының магистрі
2	Әнес Сұнхат Ерболұлы	Педагогика ғылымдарының магистрі
3	Уразова Назира Аметовна	Педагогика ғылымдарының магистрі

Педагог персонал еңбек шарттарын одан әрі жасай отырып, өз өтініші негізінде жұмысқа қабылданады. Кадрларды іріктеу мен орналастыруды жалпы орта білім беру ұйымы қызметкерлерінің үлгілік штаттарына сәйкес бос лауазымдарға педагогтарды қабылдау жөніндегі комиссия құрамы,

кәсіподақ комитетінің төрағасы және білім басқармасының өкілі жүзеге асырады. Мұғалімдерді жұмысқа қабылдау кезінде жаңа идеяларды іздеумен ерекшеленетін, оқуда жеке көзқарасты қамтамасыз ететін, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын дамыту бойынша жұмыстың арнайы тәсілдерін пайдаланатын, балалармен қарым-қатынасты сеніммен және құрметпен қалыптастыратын шығармашылық жұмыс істейтін педагогтарға басымдық беріледі.


Санаттары бойынша мұғалімдердің сандық және сапалық құрамы

	Біліктілік санаты	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы
1	педагог-зерттеуші	5	5
2	педагог-сарапшы	8	8
3	педагог-модератор	10	9
4	педагог	10	9
	Барлығы:	33	31




Педагогикалық өтілі бойынша мұғалімдердің сандық және сапалық құрамы

Педагогикалық өтілі		2023-2024 оқу жылы	
1	3 жылға дейін	6	19%
2	3 жылдан 10 жылға дейін	6	19%
3	10 жылдан 15 жылға дейін	5	16%
4	15 жылдан 20 жылға дейін	5	16%
5	20 жылдан жоғары	9	30%
6	Барлығы:	31	100%



2022-2023 және 2023-2024 оқу жылдарын салыстыра отырып, мектепте жас мамандардың саны өсіп жатқанын атап өтуге болады, бірақ педагогтардың негізгі бөлігінің 20 жылдан астам еңбек өтілі бар.



2023-2024 оқу жылындағы жас мамандардың тізімі

№	Аты-жөні,тегі	Диплом бойынша мамандығы	Еңбек өтілі (жылы, айы)
1	Әнес Сұнхат Ерболұлы	Көркем еңбек пәні мұғалімі	2
2	Каиров Аязбек Назымбекұлы	Музыка пәні мұғалімі	2,4
3	Бекен Базархан	Математика пәні мұғалімі	2,11
4	Самат Еркежан	Физика пәні мұғалімі	2,11
5	Уразалиев Ерлан Улугбекович	География және тарих пәні	11 ай

		мұғалімі	
6	Хамина Камила Зейнулловна	Екі шет тілі пәні мұғалімі	0

2 жылғы курс бойынша ақпарат

Оқу жылы	Құрстан өткен мұғалімдердің пән бойынша саны
2022-2023	8
2023-2024	6

Әдістемелік бірлестіктің сапалық құрамы

№	Бірлестіктер	Әдістемелік бірлестік жетекшілері	Санаты	Пед. өтілі
1	Бастауыш сынып бірлестігі	Сыздыкова Гулнар Ануарбековна	педагог-зерттеуші	37
2	Гуманитарлық пәндер бірлестігі	Табиғат Мунара	Педагог-модератор	8
3	Жаратылыстану-математикалық бірлестігі	Самат Еркежан	Педагог - модератор	2

Әкімшілік-басқару персоналының құрамы туралы мәліметтер

	Аты-жөні, тегі	Білімі	Лауазымы	Лауазымы бойынша еңбек өтілі	Оқытыл атын пәні	Біліктілік санаты, берілген жылы
1	Абуов Руслан Галымович	жоғары	директор	13	тарих және информатика	Педагог-сарапшы №06-05/92 18.06.2021
2	Базарбайқызы Гүлмира	жоғары	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары міндетін атқарушы	10	математика	Педагог-модератор №02-16/36 18.06.2020
3	Шарипова Гулгаим	жоғары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	12	Бастауыш сынып мұғалімі	Педагог-сарапшы №06-05/196 30.12.2020

4	Алимова Жанар Сағдатовна	жоғары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	15	Бастауыш сынып	Педагог-модератор 01.09.2023ж
---	--------------------------------	--------	---	----	----------------	----------------------------------

Мектептегі тәрбие жұмысы ҚР білім беру ұйымдарындағы тәрбие кешенді бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылады. 2022-2023 оқу жылында мектеп 8 басым бағыт бойынша жұмыс істеді. Мектепте 14+1 сынып жетекшісі жұмыс істейді. Олардың барлығы сынып жетекшілерінің ӘБ құрамына кіреді. ӘБ жетекшісі К.М.Нуралина, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Ж.С.Алимова мен Г.Шарипова сыныптан тыс жұмысқа жетекшілік етеді. Мектептің оқу -тәрбие жоспары мен сынып жетекшілерінің нормативтік-құқықтық құжаттары сәйкес келеді. Директордың орынбасарлары өздерінің лауазымдық міндеттерін орындайды /2013 жылғы 13 шілдесіндегі № 338 бұйрығымен құрылған/ апта сайын бір аптаға арналған жұмыс жоспарларын тапсырады. Педагог қызметкерлердің жеке істері талаптарға сәйкес ресімделген (фотосуреті бар жекепарақ, өмірбаян, дипломның көшірмесі және дипломға қосымша, нотариус куәландырған жеке еңбек шарты, жеке куәліктің көшірмесі, біліктілікті арттыру туралы куәлік). Барлық еңбек кітапшалары, қоса атқарушылар құжаттарының көшірмелері, ӘБҚ қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтары, штат кестесі бар. Барлық мектеп қызметкерлері қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулықтан өтеді. Қызметкерлер Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 30 сәуірдегі № 169 бұйрығына сәйкес өздерінің лауазымдық міндеттерімен танысты. Мектептің барлық қызметкерлері еңбек және орындаушылық тәртіпті сақтап, салауатты моральдық-психологиялық ахуал қалыптастырды.

2023-2026 оқу жылына арналған біліктілікті арттырудың перспективалық жоспары

№	Мұғалімнің аты-жөні	Пәні	Санаты	Соңғы өткен жылы	2023	2024	2025	2026
1	Сейдалина Сәуле Жабатаевна	Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі	Педагог-зерттеуші	2019 ж	+			
2	Уразова Назира Аметовна	Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі	Педагог - зерттеуші	2020 ж		+		
3	Абуов Руслан Галымович	Тарих және құқық мұғалімі	Педагог - сарапшы	2023 ж				+
4	Коканова Алтынай Самуратовна	Математика пәні мұғалімі	Педагог-сарапшы	2021 ж		+		
5	Шарипова Гулгаим	Бастауыш сынып мұғалімі	Педагог - сарапшы	2023 ж				+

6	Тәшен Серік Талапұлы	Дене шынықтыру пәні мұғалімі	Санатсыз	2023 ж				+
7	Базарбайқызы Гүлмира	Математика пәні мұғалімі	Педагог- модератор	2020ж	+			
8	Бекен Базархан	Математика пәні мұғалімі	Санатсыз		+			
9	Еркенова Ляйля Ерулановна	Информатик а пәні мұғалімі	Санатсыз	2023ж				+
10	Искакова Балкүміс Кабдуловна	Қазақ тілі менәдебиеті пәні мұғалімі	Педагог- сарапшы	2019ж	+			
11	Нуралина Қымбат Муратовна	Химия пәні мұғалімі	Педагог- сарапшы	2023ж				+
12	Табиғат Мунара	Тарих және құқық мұғалімі	Педагог- модератор	2023ж				+
13	Калиянур Сания Толеуовна (декреттік демалыста)	Тарих және құқық мұғалімі	Педагог- модератор	2021ж		+		
14	Умирзахова Галия Ибрагимовна	География пәні мұғалімі	Педагог- сарапшы	2019ж	+			
15	Уразалиев Ерлан Улугбекович	Тарих,геогра фия пәні мұғалімі	Санатсыз	2023ж				+
16	Самат Еркежан	Физика пәні мұғалімі	Педагог- модератор		+			
17	Джумагулова Дана Нурахметовна	Биология пәні мұғалімі	Педагог- модератор	2022ж			+	
18	Каиров Аязбек Назымбекович	Музыка пәні мұғалімі	Санатсыз		+			
19	Әнес Сұнхат Ерболұлы	Көркем еңбек пәні мұғалімі	Педагог- модератор	2023ж				+
20	Каирдосова Айсулу Мухамедиевна	Ағылшын тілі пәні мұғалімі	Педагог- зерттеуші	2022ж			+	
21	Хамина Камила Зейнуллоевна	Ағылшын тілі пәні мұғалімі санатсыз	Санатсыз				+	
22	Байманова Айнур Бакытбековна	Орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі	Педагог- зерттеуші	2023ж				+
23	Абжанова Гульнар Досжановна	Орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі	Педагог- сарапшы		+			
24	Абсалямова	Бастауыш	Санатсыз	2023ж				+

	Динара Муратовна	сынып мұғалімі						
25	Сыздыкова Гульнар Ануарбековна	Бастауыш сынып мұғалімі	Педагог- зерттеуші		+			
26	Шакирова Бейбитгуль Сайрановна	Бастауыш сынып мұғалімі	Санатсыз	2021ж		+		
27	Керейбаева Айжан	МАДТ жетекшісі	Санатсыз	2023ж				+
28	Абсалям Жаксылық Насриденович	Дене шынықтыру пәні мұғалімі	Педагог- модератор	2019ж	+			
29	Есмаганбетова Ботагоз Калабаевна (қоса атқарушы)	Көркем еңбек пәні мұғалімі	санатсыз		+			
30	Алимова Жанар Сагдатовна	Тәлімгер	Педагог- модератор	2023ж				+
		Бастауыш сынып мұғалімі	Педагог- сарапшы					
31	Госман Алия Канышевна	психолог	Педагог- модератор	2023ж				+

Өзін-өзі бағалау тексеру парағы:

Мектепалды даярлықтың негізгі міндеттері:

- балаларда оқу әрекетінің ұйымдастырылған мінез-құлқының дағдыларын қалыптастыру (танымдық белсенділік, шығармашылық);
- мектепке оқу үшін қажетті болашақ бірінші сынып оқушысының жеке қасиеттерін қалыптастыру (жауапкершілік, зейінділік, дербестік, ынталық);
- ұжымдық әрекетте бірлесіп әрекет ету дағдыларына тәрбиелеу (кұрдастарына көмек көрсету, жұмыс нәтижелерін бағалау және т. б.);
- балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, мектепке дейінгі ұйымнан мектепке көшу кезінде сабақтастықты және табысты бейімделуді қамтамасыз ету;
- баланың мектепке эмоционалды-оң көзқарасын, оқуға деген ынтасын дамыту.

Мектепалды сыныптары тәрбиелеу-білім беру қызметін:

- «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (бұдан әрі – Стандарт) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына;
- «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – Үлгілік оқу жоспарлары)

Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша:

- физикалық дамыту;
- коммуникативтік дағдыларды дамыту;
- танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;
- шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;
- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады.

Тәрбиелеу-білім беру процесінде:

- әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу жүзеге асырылады;
- балалардың құқықтарын, өмірін қорғау, денсаулығын нығайту қамтамасыз етіледі;
- салауатты өмір салтының негіздері, қауіпсіз өмір сүру дағдылары, қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды, когнитивтік дағдылар, өзіне, отбасына, құрдастарына, қоршаған ортаға адамгершілік қарым-қатынасы, тәрбиеленушілердің қарым-қатынас мәдениеті, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздері, патриотизм қалыптасады;
- тәрбиеленушілердің физикалық, зияткерлік, танымдық-сөйлеу, көркем-эстетикалық, шығармашылық қабілеттері дамиды;
- Отанға, ана тіліне сүйіспеншілік тәрбиеленеді;
- баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалды, әлеуметтік дайындығы үшін тең бастапқы мүмкіндіктер беріледі.
- 6. Тәрбиеленушілердің құзыреттіліктерін, физикалық және жеке қасиеттерін дамыту олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдыларын қалыптастыру арқылы жүзеге асырылады.

Физикалық қасиеттерді дамыту.

Физикалық дамыту физикалық дені сау баланы тәрбиелеуді, өз денсаулығына саналы түрде қарауды, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыруды қарастырады.

Дене шынықтыру ата-аналардың балаларға ерте жастан күтім жасауы мен оларды дамыту дағдыларына ие болуына жәрдемдесу, тәрбиеленушілердің негізгі қимыл түрлерін меңгеруі арқылы мәдени-гигиеналық дағдылар, қимыл-қозғалыс тәжірибесін қалыптастыру, дене сапаларын және қимыл белсенділігіне қажеттілікті дамыту, әртүрлі ойындарды, оның ішінде ұлттық, қимылды ойындарды, командалармен жарыс сипатындағы ойындарды өткізу, спорттық жаттығуларды орындау, спорттық ойындардың элементтерімен таныстыру, шығармашылық қабілеттер мен командалармен бірге әрекет ету дағдыларын дамыту бойынша міндеттерді қамтиды.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын меңгертуді, қолдың

ұсақ моторикасын және командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуды қарастырады.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту тәрбиеленушілердің түрлі іс-әрекетінде Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен, балалар көркем әдебиетімен таныстыру арқылы ауызекі байланыстырып сөйлеу, шығарманы бірге оқу мен айтып беру, талдау, сөйлеудің дыбыстық мәдениетін қалыптастыру, белсенді сөздік қорын байыту, тілдік нормаларды, қарым-қатынас мәдениетін меңгерту міндеттерін шешеді.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту тәрбиеленушілердің қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгертуді қарастырады.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту сенсорлық эталондар туралы түсініктерді, қарапайым математикалық ұғымдарды; құрастыру іс-әрекеті тәсілдерін меңгеру; креативті және сыни ойлауды дамыту; азаматтық және патриотизмге баулу, ұлттық мәдениетті құрметтеуді қарастырады.

Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту.

Тәрбиеленушілердің шығармашылық дағдыларын, ғылыми-зерттеу іс-әрекетін дамыту өнер туындыларын қабылдау мен түсіну дағдыларын қалыптастыру, қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін, тәрбиеленушілердің өзіндік шығармашылық іс-әрекеті үшін жағдай жасау бойынша міндеттерді қамтиды.

Шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту үшін шығармашылық қиялын, эмоционалды-сезімдік саласын, дүниетанымын, ойлауын, көркем-эстетикалық талғамды дамыту, тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдайлар жасалады.

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру.

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастырудың мақсаты тәрбиеленушілерді, оның ішінде ерекше балаларды оң әлеуметтендіру, оларды әлеуметтік-мәдени нормаларға, қоғам және мемлекет, отбасы дәстүрлеріне тарту, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру болып табылады.

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру қоғамның әлеуметтік және этикалық нормалары мен дәстүрлеріне, жалпы адами құндылықтарға баулу; дербестікке тәрбиелеу; өмірдегі жағдайларды шешу, айналадағы адамдарға құрметпен қарау, өз отбасының мүшесі екенін сезіну, эмоционалды елгезектікті, жанашырлықты қалыптастыру; тәрбиеленушінің адамгершілік қасиеттерін көрсетуге қабілеттілігі мен дайындығын дамыту бойынша міндеттерді қамтиды, моральдық нормалардың талаптарына жауап беретін іс-әрекеттерге;

Отанның тарихы мен мәдениетін білу және оған құрметпен қарауды қалыптастыру, туған жер туралы түсініктерін кеңейту; еңбек түрлеріне және әртүрлі мамандық иелеріне құрметпен қарауды қалыптастыру, заттар, жанды және жансыз табиғат құбылыстары жөнінде білімдерді кеңейту, креативтік ойлауды дамыту бойынша міндеттерді қамтиды

**Мектепалды даярлық тобының
ОҚУ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ**

2022-2023 оқу жылы

№	Білім беру салалары/ Ұйымдастырылған оқу қызметі	Жас тобы		
		Мектепалды даярлық тобы (сыныбы) (5-жастан бастап)		
			Апталық	жылдық
1	Дене шынықтыру	3	3	105
2	Қазақ тілі	2	2	70
3	Сөйлеуді дамыту	2	2	70
4	Көркем әдебиет	2	2	70
5	Сауат ашу негіздері	3	3	105
6	Математика негіздері	3	3	105
7	Сенсорика	-	-	
8	Шығармашылық әрекет	1	1	35
	Құрастыру Сурет салу Жапсыру Мүсіндеу			
13	Музыка	2	2	70
15	Қоршаған ортамен танысу	2	2	70
Вариативті жүктеме		20	20	700
Барлығы		20	20	700

2023-2024 оқу жылы

№ р/с	Ұйымдастырылған іс- әрекет/балалар әрекеті	Аптасына өткізілу жиілігі	Аптадағы нормативтік жүктеме
1	Дене шынықтыру		3 сағат
	Дене шынықтыру **	күн сайын	
2	Сөйлеуді дамыту		2 сағат

	Тілдік қарым-қатынас	күн сайын	
	Көркем әдебиет		2 сағат
	Тілдік қарым-қатынас	күн сайын	
	Қазақ тілі		2 сағат
	Қазақ тілі ***	күн сайын	
3	Сауат ашу негіздері		3 сағат
	Тілдік қарым-қатынас, танымдық әрекет	күн сайын	
4	Математика негіздері		3 сағат
	Танымдық, зерттеу әрекеттері	күн сайын	
5	Қоршаған ортамен танысу		2 сағат
	Тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу	күн сайын	
6	Сурет салу		1 сағат
	Мүсіндеу		
	Жапсыру		
	Құрастыру		
7	Шығармашылық әрекет, бейнелеу	күн сайын	
	Музыка		2 сағат
	Музыка ****	күн сайын	
8		-	20

Мектепалды даярлық сыныбының 2023 – 2024 оқу жылына арналған күн тәртібі

Күн тәртібінің бөліктері	Уақыты (сағат, минуты)
«Сәлеметсіздер ме, балалар!». Таңертеңгілік қабылдау. ҚР Әнұранын айту.	08:30-09:00
Таңертеңгі жаттығу(гимнастика)	08:30-09:00
«Ойнайық та, ойлайық» Ұйымдастырылған іс-әрекеті І. Ұйымдастырылған іс-әрекеті Үзіліс уақыты	09:00-09:25

II. Ұйымдастырылған іс-әрекеті	09:25-09:35
Үзіліс уақыты	09:35-10:00
Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)	10:00-10:30
«Ас – адамның арқауы» түскі ас. Обед	
III. Ұйымдастырылған іс-әрекеті	10:30-10:55
Үзіліс уақыты	10:55-11:05
IV. Ұйымдастырылған іс-әреке	11:05-11:30
Серуенге дайындық. Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекеттер, өзіне-өзі қызмет көрсету	
«Табиғат аясында».	11:30-12:10
Серуен: танысу, ойындар, еңбек.	
	12:10-12:30
Серуеннен оралу.	
Балаларды үйге қайтару.	12:30-12:40

Мектепалды даярлық тобы тәрбиеленушілерінің ата-аналарынан сауалнама алынды.


Мектепалды даярлық сыныптарда барлығы 13 бала бар, 13 баланың ата-анасы сауалнамаға қатысты.

Сауалнама нәтижелері (мектепалды даярлық сыныптар)

№	Дағдылар тізбесі	толығымен келіспеймін н -13	келіспеймін -1	жауап беруге қиналамын -0	келісемін н +11	толығымен келісемін +2
1	Денсаулық сақтау дағдылары	0	2%	6%	47%	45 %
2	Коммуникативтік дағдылар	0	0	20%	54%	26%
3	Танымдық дағдылар	0	0	10%	56 %	34%

4	Шығармашылық дағдылар	0	0	47%	40%	12%
5	Әлеуметтік дағдылар	0	0	0	51%	48%

Мектепалды даярлық сыныбының 2023-2024 оқу жылындағы білім деңгейінің бастапқы салыстырмалы мониторингінің нәтижесі



2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) Даярлық сыныбы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспары негізінде жұмыс жасайды (бұдан әрі – МАДТ үлгілік оқу бағдарламасы) сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру, соның ішінде:

оқытудың күтілетін нәтижелері түрінде ұсынылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу;

қимыл, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік білім, білік, дағдыларын, өз бетінше үйрену дағдыларын, сонымен бірге аталған білім, білік, дағдыларды ерте жастағы балаларда қалыптастыру;

тәрбиелеу мен оқытуға психологиялық-педагогикалық жағдай жасау;

мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді бастауыш білім беру ұйымдарында оқыту үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді құру;

мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру арасында оқыту, дамыту, тәрбиелеу міндеттерін ескеріп, сабақтастық пен үздіксіздік ұстанымдарын қамтамасыз ету;

тәрбиеленушілердің жеке және жас ерекшеліктерін ескеріп, оқу қызметіне дайындау;

креативтілікті, коммуникативтілікті, сыни ойлауды және командада жұмыс істей білуді дамытуға бағытталған әлеуметтік-тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру;

Негізгі мақсат: мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім, білік, дағдыларын, рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру, "Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеясына негізделген жалпыадамзаттық құндылықтарға, ұлтжандылыққа және толеранттылыққа тәрбиелеу, сондай-ақ баланың мектепте оқуға әлеуметтік-психологиялық, тұлғалық, ерік-жігерлік, физикалық және зияткерлік даярлығы.

Сондықтан, баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін заттық-кеңістіктік дамытушы орта құру, мектепке дейінгі білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігі ұстанымдарын қамтамасыз ету, балалардың дене, зияткерлік, коммуникативтік, адамгершілік, эстетикалық дамуына бағытталған білім беру салаларын кіріктіру, әр жас тобында бағдарлама материалының мазмұнын игеруде балалардың дамуы мониторингін ұйымдастыру, мектепке дейінгі ұйым мен отбасының бірлескен ынтымақтастығы, мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеуде ата-аналар қауымдастығының қажеттілігін қанағаттандыру біздің міндетіміз болып табылады.

Баланың коммуникативтік дағдыларының қалыптасуына, танымдық және әлеуметтік мотивтерінің көрінуіне, қызығушылығы мен білім алуға деген құштарлығының дамуына ықпал ету мақсатында бағдарламаны басшылыққа алып жұмыстанамыз.

Әр саладағы күтілетін нәтижелер сабақтардағы оқу мақсаттарының жүйесі арқылы беріледі.

3) жеке оқу жоспарлары мен жеке бағдарламаларды әзірлеу кезінде баланың ерекшеліктерін ескере отырып ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқытуда инклюзивті білім беру талаптарын орындау (бағаланатын кезеңге жеке оқу жоспары мен жеке бағдарламаның көшірмелері қоса беріледі);

2021-2024 оқу жылдарында даярлық сыныпта ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар болған жоқ.

4) баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелерінің болуы

5) "Денсаулық", "Қатынас", "Таным", "Шығармашылық", "Әлеумет" білім беру салаларына негізделген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы оларды кіріктіру жолдарымен іске асыру (бағаланатын кезеңге перспективалық жоспар көшірмелері, сонымен қатар зияткерлік, спорттық, шығармашылық және көркемдік конкурстарға қатысу нәтижелері қоса беріледі);

Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар:

1) МАДТ ҮОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы;

Оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі МАДТ ҮОЖ белгіленген талаптарға сәйкес жүргізілді:

Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар Үлгілік оқу жоспарларында белгіленеді.

2023-2024 оқу жылдарында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспары басшылыққа алынды.

- Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді
- Мемлекеттік тілдерді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады
- Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыканы тыңдау, ән айту, әндерді жаттау, импровизация, ырғақты –музыкалық қимылдар, шулы балалар аспаптарында ойнау және басқа да музыкалық әрекеттерге уақыт бөлінеді

2) оқыту тілдері бойынша апталық оқу жүктемесінің сақталуы.

Оқыту тілі - қазақша. Басшылыққа Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығы алынды.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖМБС 2-қосымшасына сәйкес туғаннан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалауға қойылатын талаптар

Тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МАДТ үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтау.

Тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылданғанға дейін түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы оларды кіріктіру жолдарымен іске асырылатын "Денсаулық", "Қатынас", "Таным", "Шығармашылық", "Әлеумет" білім беру салалары бойынша жұмыстар жүргізіледі. Оқытудың нәтижелері көрсеткіштер ретінде баланың даму мониторингін қамтамасыз етеді және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылады.

Мектепалды даярлық сыныбында **денсаулық сақтау дағдыларын:** гигиеналық шараларды орындауды, өзіне-өзі қызмет ету және өзара көмек көрсету дағдыларын, шынықтырудың барлық әдістерін жас ерекшелігіне сай сандық және сапалық көрсеткіштерге қол жеткізе отырып, негізгі қимыл түрлерін, қимылдарды еркін меңгеріп, саналы түрде ойын ережесін сақтауды, қозғалыс әрекетінде қарапайым өзін-өзі бақылауды, ағзаны шынықтыру және дене сымбатын сақтау тәсілдерін, күн тәртібін сақтауды үйренеді.

Коммуникативтік-тілдік дағдылар: тілдесу ережелерін: сөзсіз тілдесу құралдарын, сөйлесу әдебін, сөз тіркесі мен сөйлемдерді грамматикалық дұрыс құрастыруды, сөйлеуде таныс сөздердің күрделі түрлерін қолдануды, дыбыстарды анық, дұрыс, мәнерлеп айтуды, жіктеуді, дыбыстың шартты белгілерінің көмегімен буын мен сөз құрастыруды, сөзжасам дағдыларын, заттардың белгілері мен сапаларына сүйене отырып, сөздің мағынасын түсіндіре және қолдана алуды, берілген тақырып, сурет бойынша жалаң және жайылма сөйлемдерді қолдана отырып, байланыстырып, бірізділікпен әңгіме құрастыруды, түрлі оқиғаларды мазмұндап

айтуды, ертегілерді ойдан құрастыруды, ойында сөз және өлең ұйқастарын құрастыруға, көргеніне сүйене отырып, таныс шығармалардың мәтінін мазмұндауды, дыбыстарды айтуда және дыбыстық талдауда білімін қолдануды, төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды, дыбыстарды сипаттауды үйренеді.

Танымдық дағдылар: адам өміріндегі маңызына және қолданылуына байланысты заттарды даярлау үшін пайдаланылатын материалдардың қасиеттері мен алуан түрлілігі туралы, қоршаған ортадағы объектілердің ерекше және маңызды белгілерін бөліп көрсете отырып, олар туралы түсініктерді, жапсыру және сурет салу түрінде геометриялық пішіндерден шынайы және абстракциялық объектілердің қарапайым үлгілерін жасауды, болмашы ерекше белгілері бойынша жануарлар мен өсімдіктерді ажырата білуді, табиғат бұрышындағы мекендеушілерді күтіп-баптауды, күнделікті өмірдің жаңа жағдайларында қауіпсіздікті сақтауды, түрлі белгілері бойынша объектілерді жіктеуді, сөз арқылы кеңістіктік-уақыт қатынасын, қисынды ойлауды, нәтижеге жететін эксперимент әрекетіне мақсат қоя білуді, нәтижеге жетуді, алған ақпаратқа талдау жасауды, оны саналы түрде қолдануды үйренеді.

Шығармашылық дағдылар: музыкалық аспап сүйемелдейтін әуенді, регистр дыбысын ажырата алуды, балаларға арналған музыкалық аспапта ойнау барысында, ән айтқанда, билегенде минорлы және мажорлы дыбысталуды қабылдап, жаңғырта алуды, түрлі техникалық құралдарды өз бетінше қолдануды, жұмыстарды жаңа бөліктермен толықтыруды және әсемдеуді, қарастырған заттарының бояуының қанықтылығының маңыздылығын, өнердің басқа түрлерінің түпмәтінінде өнер туындыларына алғашқы талдау жасауды үйренеді.

Әлеуметтік дағдылар: мінез-құлықтың адамгершілік нормаларын, әдеп, табиғаттағы өзін-өзі ұстау ережелерін, ересектермен бірлескен әрекетке жұмылуды, пайдасын тигізуге және оған қанағаттануды, өзінің және басқа халықтардың әдептілік нормалары мен олардың құндылығын, түсіністік, төзімділік танытуды, әлеуметтік ортада өзара қарым-қатынас жасау біліктілігін, қоғамдық тәртіп сақтау дағдаларының коммуникативтік дағдыларын меңгереді. Ол – үздіксіз білім берудің алғашқы деңгейі. Сондықтан, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың негізгі мақсаты – баланың жеке басының қалыптасуы мен дамуы болып отыр.

Еліміздің мектепке дейінгі ұйымдардың педагогикалық үдерістерін жаңа бағдарламалармен, оны жүргізудің тиімді әдістерімен қамтамасыз ету қажеттілігі туды. Ұсынылып отырған бағдарламасы мектепке дейінгі 5-6 жастағы балаларды тәрбиелеу мен дамытудың психологиялық-педагогикалық және мазмұндық аспектілерін ашады және негізгі құзіреттіліктерді қалыптастырудың міндеттерін жүзеге асырады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мақсаты әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу.

Мектептегі оқу-тәрбие жұмысын басқару және ұйымдастыру оқу жылдарына арналған **жұмыс жоспарларымен** анықталған. Жұмыс жоспарлары тамыз айындағы педагогикалық кеңестерде талданып, бекітілген.

Меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ететін материалдық активтердің болуы.

«Абай атындағы №2 ЖОББМ» жылы қолдануға берілген. Мекен-жайы: Ақмола облысы Біржан сал ауданы Жакупова көшесі 1. Мектеп ғимараты-3 қабатты 1 корпус. Күрделі жөндеу жасалған 2021 ж., ауданы-2507,2 шаршы метр. Мектепте оқу кабинеті, асхана, ұлдар мен қыздарға арналған жылы 2 дәретхана бар.

Оқыту тілі қазақ, жұмыс реті-бір ауысымда оқытылады. Қазіргі таңда 206 оқушы білім алуда.

Білім беру мекемесінің толық атауы: «Ақмола облысы білім басқармасының Біржан сал ауданы бойынша білім бөлімі «Абай атындағы №2 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

- БСН 970140002555 заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлігі 2020 жылдың 05 тамызында берілген. Алғашқы мемлекеттік тіркелген күні 1997 жыл 27 қаңтар

Заңды мекен-жайы: 020700, Қазақстан Республикасы Ақмола облысы Біржан сал ауданы Степняк қаласы Жакупов көшесі 1. Электрондық мекен-жайы: adaish2@yandex.kz, телефон, 87163921350

Мектеп ғимаратының іші-сырты, сынып бөлмелері, компьютер сыныбы т.б. санитарлық талапқа сәйкес жабдықталған.

Мектеп дәліздері, асхана, спорт залы, мектеп ауласы барлығы 36 бейне бақылау камералары бар. Оның 14 сыртта, 22 мектеп кабинеттері, дәліздері, асхана мен фойелерінде орнатылған. edu.kz аймағында үшінші деңгейдегі домендік атауы бар. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін пандус, шақыру батырмасы бар. Қауіпсіздік шаралары аясында мектепте 3 күзетші қызмет атқарады.

Мектептің материалдық-техникалық базасы қанағаттанарлық. Мектептің ішкі, сыртқы санитарлық жағдайы, мектеп ауласының көгалдандырылуы талапқа сай. Мектеп мұғалімдері, оқушылар және техникалық қызметкерлер техника және өрт қауіпсіздік ережелерімен толық таныстырылған.

2023-2024 оқу жылында мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес оқу пәндері кабинеттерімен; интернет желісіне қосылған компьютерлік сыныптармен; оқу-зертханалық жабдықтармен жарақатталуы.

Барлық кабинеттер саны-18


Бастауыш сыныптар 4 кабинет бар. 1-сыныпта дербес компьютер комплектісі және

бейнепроектор, бейнепроектордың кенебі (видеополотно). Барлығы балаларға арналған жеке шкафтармен жабдықталған.

Даярлық кабинеті (48м2) 9 оқушы партасы 18 орындық, мұғалім үстелімен орындығы, ақпараттық түсіндірме стендтерімен ,барлығы балаларға арналған жеке шкафтармен жабдықталған.

Жауапты: **Керейбаева А.**





1-сынып кабинеті (96,3 м²) 9 дана оқушы партасы, 18 дана орындық, мұғалім үстелімен орындығы, ақпараттық стендтер (Сынып бұрышы», «Денсаулық бұрышы» т.б. нәрселермен) жабдықталған.
Жауапты: **Сыздыкова Г.А.**


2-сынып кабинеті (46 м²) 9 оқушы партасы 18 орындық, мұғалім үстелімен орындығы, ақпараттық түсіндірме стендтерімен жабдықталған.

Жауапты: **Абсалямова Д. М**




3-сынып кабинеті (30 м²) 9 дана оқушы партасы, 18 дана орындық, мұғалім үстелімен орындығы, 1 дербес компьютер комплектісі және бейнепроектор, бейнепроектордың кенебі (видеополотно) мұғалім үстелімен орындығы, жазу тақтасымен, түсіндірмелі-ақпараттық стендтермен жабдықталған
Жауапты: **Шарипова Г.**

4-сынып кабинеті (30 м²) 9 дана оқушы партасы, 18 дана орындық, мұғалім үстелімен орындығы, 1 дербес компьютер комплектісі және бейнепроектор, бейнепроектордың кенебі (видеополотно) мұғалім үстелімен орындығы, жазу тақтасымен, түсіндірмелі- ақпараттық стендтермен жабдықталған.
Жауапты: **Шакирова Б.С.**



Қазақ тілі мен әдебиеті кабинеті (49м2); 9 парта 18 орындық, мұғалім үстелімен орындығы, жазу тақтасымен, кітап сөресі және көрнекілік стендтермен, таблицалармен, үлестірмелі материалдармен жабдықталған.

Жауапты: **Сейдалина С.Ж.**



Математика кабинеті (51м2); дербес компьютер комплектісі және бейнепроектор, бейнепроектордың кенебі (видеополотно). 9 парта 18 орындық, мұғалім үстелімен орындығы, жазу тақтасымен, кітап сөресі және көрнекілік стендтермен, таблицалармен, үлестірмелі материалдармен жабдықталған.

Жауапты **Коканова А.С.**




Шетел тілі мен орыс тілі кабинеті (97м2) 16 парта, 16 орындық, дербес компьютер комплектісі және бейнепроектор, бейнепроектордың кенебі (видеополотно) мұғалім үстелімен орындығы, жазу тақтасымен, түсіндірмелі-ақпараттық стендтермен жабдықталған.

Жауапты: **Абжанова Г.Д.,
Каирдосова А.М.**

Информатика кабинеті (53 м2) 2 моноблок, 1 дербес компьютер комплекті (процессор, тышқан, монитор, пернетақта) 4 ноутбук, 15 дербес компьютерге арналған үстелдері, 2 үстел, 8 орындық, мұғалім үстелімен орындығы, жазу тақтасымен, интерактивті тақта, қауіпсіздік ережесі, ақпараттық түсіндірме стендтерімен жабдықталған.

Жауапты: **Еркенова Л.Е.**



Қолданбалы еңбекке баулу кабинеті (50м2), қауіпсіздік ережесі, ақпараттық түсіндірме стенді үстел, 12 орындық, жазу тақтасымен жабдықталған.

Жауапты: **Есмаганбетова Б.К.**

География кабинеті (48м2) 9 оқушы партасы 18 орындық, мұғалім үстелімен орындығы, дербес компьютер комплектісі және бейнепроектор, бейнепроектордың кенебі (видеополотно) жазу тақтасымен, ақпараттық түсіндірме стендтерімен жабдықталған. Жауапты: **Умирзахова Г.И.**

АЭТД кабинеті (34,3м2) 9 оқушы партасы 18 орындық, мұғалім үстелімен орындығы, ақпараттық түсіндірме стендтерімен жабдықталған. Жауапты: **Әнес С.Е.**



Химия, биология кабинеті (116м2) 10 парта, 20 орындық, дербес компьютер комплектісі және бейнепроектор, бейнепроектордың кеңебі (видеополотно) мұғалім үстелімен орындығы, жазу тақтасымен, түсіндірмелі-ақпараттық стендтермен жабдықталған. Жауапты: **Джумагулова Д.Н., Нуралина К.М.**



Физика кабинеті (61 м2), зертхана (15м2), 9 парта, 18 орындық, дербес компьютер комплектісі және бейнепроектор, бейнепроектордың кеңебі (видеополотно) мұғалім үстелімен орындығы, жазу тақтасымен, түсіндірмелі-ақпараттық стендтермен жабдықталған. Жауапты: **Саматқызы Е.**



Дене шынықтыру залы (171,7м2) шешінетін орын, Дене шынықтыру залы 20x14, оқушылар киім ауыстыратын орындар бар, 20 дана киім ауыстыратын шкаф, душевая бөлмелері бар. Спорт инвентарь қоятын бөлме бар. Жарықтандырылған, волейбол, баскетбол, футбол сеткалары, 50 дана комплект шаңғы, 20 дана коньки, волейбол доптар – 8 дана, футбол доптар- 8 дана, баскетбол доптар-5 дана, үстел теннис -2, ракеткалар- 6, үстел теннис сеткалар -2, үстел теннис ойнайтын доптар - 20 дана, шахмат тақтасы-6, шашки-10 дана, тоғызқұмалақ тақтасы-6 дана, колодка стартовая 1. Гимнастикалық орындық-4 дана, гимнастикалық төсеніштер (мата)-10 дана, гимнастикалық таяқтар – 10 дана, гимнастикалық ағаш (бревно) – 1 дана, гимнастикалық брусы – 1 дана, гимнастикалық ат – 1 дана, гимнастикалық кіші ағаш ат -1, гимнастикалық көпір – 2 дана, керме (турник) – 4 дана, гимнастикалық стенка


– 10 дана, секіртпе (скакалка) -10 дана, обруч -10 дана , арқан -2 дана. Гранаталар - 500 г – 2 дана, 700г – 2 дана, ядро -1 дана. 2 дана – секундомер, 2 дана – ысқырық. футбол ойнауға арналған кіші қақпа – 2 дана. 1 дана стент кубоктарға арналған, 30 кубок бар. Жауапты: **Абсалям Ж.Н.**



Кітапхана ауданы 47м2 16 адам отыратын орындар қарастырылған. Кітаптар саны-2792. Көркем және ғылыми әдебиеттер саны-1580 кітап. Оқу-әдістемелік әдебиеттер саны -779. 16 адам отыратын орындар қарастырылған. Кітапханада - 4 ноутбук бар. 4 дербес компьютер, 10 нотбук, 10 нэтбук.



Мектептің Өнер залы заман талабына сай жабдықталған Саханасының еденіне кілемше төселген, баяндама жасау үшін мультимедиялық трибуна (подиум) проектор экран және пердемен жабдықталған. Іс шараларды өткізу үшін музыкалық аппаратура (ноутбук, пульт, колонка 2, микрофон 2) бар. Өнер сүйер оқушылар мен мұғалімдер қауымына барлық жағдай жасалған. Жауапты: **Каиров А.Н.**



**2021-2022 оқу жылы
Білім алушыларға медициналық
қызмет көрсетудің болуы.**

Мектепте арнайы медициналық кабинет бар.

Медициналық кабинет барлық қажетті жабдықтармен жабдықталған. Барлық педагогтардың, медицина қызметкерлерінің жұмысқа санитарлық кітапшаларында рұқсаттары бар. Әрбір оқушының профилактикалық егу картасы мен «Бала денсаулығының паспорты» бар.



Білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісінің болуы.

Мектеп бойынша асхана 60 орынға арналған.

Асхананың жалпы ауданы – 123,8м².

Бөлме саны – 2.

Ас даярлайтын бөлменің ауданы – 33м².

Ас ішетін бөлменің ауданы – 90,8м²

Ас ішу залында үстелдер, орындықтар, қол жуатын раковина, сұйық сабын, қоқыс салатын жәшік орналастырылған.

Асханада «Ас адамның арқауы!» тақтасы,



ақпараттық стендтер ілінген. Мектеп асханасында 1 аспазшы және 1 аспазшының көмекшісі бар. Санитарлық кітапшалары талапқа сай, медициналық тексерістен уақытылы өткен. Жұмыс барысында халат, фартук, орамал, екінші аяқ киім киеді. Ас пісіру барысында қолдарына арнайы резеңке бес саусақты қолғап киеді. Ауыстырып отыруға халат, фартук, орамалдары екі данадан бар. Ас дайындау барысында, асхана ішінде санитарлық талаптарды орындайды.



Тұрмыстық техникадан келесі тіркелді:

Төрт камфорлы электр плитасы -1 дана. Плитаның пештері жұмыс жасайды.


Тоңазытқыш (мұздатқыш камерасымен), - 1 дана

Өлшеуіш құрал -1 дана

